

**ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ЕҢБЕК ЖӘНЕ ХАЛЫҚТЫ
ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ
МИНИСТРЛІГІ**



**МИНИСТЕРСТВО
ТРУДА И СОЦИАЛЬНОЙ
ЗАЩИТЫ НАСЕЛЕНИЯ
РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН**

010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Мәңгілік ел даңғылы, 8
Министрліктер үйі, 6-кіреберіс
e-mail: kense@enbek.gov.kz
тел: 8 (7172) 74-36-03

010000, город Нур-Султан, проспект Мәңгілік ел, 8
Дом Министерств, 6-подъезд
e-mail: kense@enbek.gov.kz
тел: 8 (7172) 74-36-03

№ _____

**Қазақстан Республикасы
Парламентінің Мәжілісі**

**«Халық коммунистері»
фракциясының депутаттары
А. О. Конуровқа
Г. А. Баймахановаға
В. Б. Косаревке
М. М. Маггерамовқа
И. В. Смирноваға
Т. И. Сыздықовқа**

2019 жылғы 16 қазандағы № 148-ДЗ хатқа

Құрметті депутаттар!

Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Сіздердің жұмыс істейтін азаматтардың өз зейнетақы жинақтарының бір бөлігін нысаналы пайдалану мәселесіне қатысты 2019 жылғы 16 қазанда жарияланған сауалдарыңызды қарап, келесіні хабарлайды.

Жұмыс істейтін азаматтардың өздерінің зейнетақы жинақтарының бір бөлігін тұрғын үй сатып алу немесе білім алуға төлеу мақсатында нысаналы пайдалануды көздейтін зейнетақы жүйесінің тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар әзірлеу мақсатында жұмыс тобы жинақтаушы зейнетақы жүйесінің жағдайына талдау жүргізді, ол салымшылардың негізгі бөлігінде (54%-ы) 500 мың теңгеге дейін зейнетақы жинақтары бар екенін көрсетті, 2019 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша азаматтардың зейнетақы жинақтарының орташа мөлшері 1 040 800 теңгені, оның ішінде ерлерде – 1 164 700 теңгені, әйелдерде – 900 400 теңгені құрайды.

Зейнетақы жинақтары – бұл әрбір салымшының қарттығын қамтамасыз ететін нақты мақсатты қаражат екенін ескере отырып, жұмыс тобының

мүшелері қаражатты мерзімінен бұрын пайдалану мүмкіндігі бойынша әртүрлі әдістерді қарады.

Бүгінгі күні Жұмыс тобының 6 отырысы өтті.

Жұмыс тобының қорытындысы бойынша әзірленген ұсыныстар Қазақстан Республикасының зейнетақы жүйесін одан әрі жаңғыртудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасына өзгерістер мен толықтырулар енгізу кезінде, ұзақ мерзімді актуарлық модельдерді құру негізінде жинақтаушы зейнетақы жүйесін одан әрі жетілдіру бойынша шараларда ескерілетін болады.

Аталған мәселенің әлеуметтік маңыздылығын ескере отырып, осы бағыттағы жұмыстар жалғастырылуда.

Министр

Б. Нұрымбетов

**Мажилис Парламента
Республики Казахстан**

**Депутатам фракции
«Народные коммунисты»**

**Конурову А. О.
Баймахановой Г. А.
Косареву В. Б.
Маггерамову М. М.
Смирновой И. В.
Сыздыкову Т. И.**

На № 148-ДЗ от 16 октября 2019 года

Уважаемые депутаты!

Министерство труда и социальной защиты населения Республики Казахстан рассмотрев ваш депутатский запрос касательно вопроса целевого использования работающими гражданами части своих пенсионных накоплений, оглашенного 16 октября 2019 года, сообщает следующее.

С целью выработки предложений по повышению эффективности пенсионной системы, предусматривающей целевое использование работающими гражданами части своих пенсионных накоплений для приобретения жилья или в целях оплаты образования, рабочей группой проведен анализ состояния накопительной пенсионной системы, который показал, что основная часть (54%) вкладчиков имеют пенсионные накопления до 500 тыс. тенге, средний размер пенсионных накоплений граждан по состоянию на 1 августа 2019 года составляет 1 040 800 тенге, в том числе у мужчин - 1 164 700 тенге, у женщин – 900 400 тенге.

Учитывая, что пенсионные накопления – это строго целевые деньги, назначение которых заключается в обеспечении старости каждого вкладчика, членами рабочей группы рассматриваются различные походы и предложения по использованию работающими гражданами части своих пенсионных накоплений.

На сегодняшний день проведено 6 заседаний рабочей группы.

По итогам работы рабочей группы, выработанные предложения будут учтены при внесении изменений и дополнений в Концепцию дальнейшей модернизации пенсионной системы Республики Казахстан до 2030 года, в числе

мер по дальнейшему совершенствованию накопительной пенсионной системы на основе построения долгосрочных актуарных моделей.

Учитывая социальное значение данного вопроса работа в данном направлении продолжается.

Министр

Б. Нурымбетов